

учаскелері солтүстікке қарай тым ішкерілеп кеткен еді. Ал шептің екі шеті керісінше оңтүстікке қарай шығыңқы орналасты. Бекіністердің біркелкі орналаспауы мен қорғаныс қабілетінің әлсіздігінен бөлек, Есіл шөбінде күрделі әлеуметтік-экономикалық мәселе туындады. Орыс қоныстанушыларының егістіктері мен кәсіпшілік жерлері қорғаныс сызығынан тыс, оңтүстік аймақтарда қалып қойды. Бұл жағдай егін егу мен жинау науқаны кезінде шаруаларды қорғау үшін қосымша әскери жасақтарды бөлуді қажет етті [9, 208-210 бб.].

Отарлау үдерісі қазақ қоғамына үлкен өзгерістер әкелді. Бір жағынан, Ресей империясы қазақ жерін бақылауға алып, сауда қатынастарын кеңейтті, ал екінші жағынан, бұл процесс қазақ халқының дәстүрлі көшпелі өмір салты мен саяси дербестігіне үлкен әсер етті. Жергілікті халықтың қарсылығы мен азаттық үшін күресі күшейді, әсіресе Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық көтерілісі осы саясатқа қарсы жауап болды.

Қорытындылай келе, Ресей империясының отарлау саясаты тек әскери жаулап алумен шектелмей, сонымен қатар әлеуметтік, экономикалық және саяси ықпал ету құралдары арқылы жүзеге асырылды. Бұл үдеріс қазақ халқының тарихында маңызды із қалдырып, кейінгі ғасырлардағы саяси және мәдени дамуына ықпал етті.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Козыбаев М.К. Актуальные проблемы изучения Отечественной истории // В кн.: Қазақтар шет шетел әдебиетінде. - Алматы: Атамұра - Қазақстан, 1994. - 240 б.
2. Ремезовская летопись: летопись Сибирская: исследование, текст и перевод: науч.-справ. - Тобольск: Возрождение Тобольска, 2006. - 167 с.
3. Казахско-русские отношения в XVI-XVIII веках. (Документы и материалы). Документ №16. А., Алма-Ата, 1961, 702 с.
4. История Казахстана в русских источниках XVI-XX веков: научное издание. Т.2. Журналы и служебные записки дипломата А.И.Тевкелева по истории и этнографии Казахстана (1731-1759гг.) / Сост. И.В.Ерофеевой. - Алматы: Дайк-Пресс, 2005. - 484 с.
5. Гуревич Б. П. Международные отношения в Центральной Азии в XVII - первой половине XIX вв. М., 1979, 334 б.
6. Златкин И.Я. История Джунгарского ханства. 1635 - 1758 жж. (Второе издание). М., 1983
7. История Казахстана с древнейших времен до наших дней : в пяти томах ; Редкол.: Козыбаев М.К.; Алдажуманов К.С.; Асылбеков М.Х.; Касымбаев Ж.К.- Алма-Ата : Атамұра , Том 3. . Казахстан в новое время- 768 с., илл. и карты
8. Бекмаханов Е.Б. Присоединение Казахстана к России. - М.: АН СССР, 1957. - 342 с.
9. ЦГАДА, ф.248, оп.7, д.373, л.242
10. ЦГАДА, ф.196, оп.1, д.1543, л.201-205; ЦГВИА, ф.343, оп.1, д.83, л.130-132
11. ЦГАДА, ф.196, оп.1, д.1543, л.204
12. ЦГАДА, ф.196, оп.1, д.1543, л.204
13. ЦГАДА, ф.196, оп.1, д.1543, л.204; ЦГВИА, ф.343, оп.1, д.83, л.130
14. ЦГАДА, ф.248, оп.7, д.373, л.453-454, 464-465
15. Горбань Н.В. Из истории строительства крепостей на юге Западной Сибири // Вопросы географии: сб. 31. - М., 1953. - С. 220 - 241.

ШОҚАН УӘЛИХАНОВТЫҢ ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ ЭКСПЕДИЦИЯЛАРЫН ТАЛДАУ

Саттарова Д.О.

Ғылыми жетекші: Қоскеева Ә.М.

С. Сейфуллин атындағы ҚАТЗУ қауым. проф. м.а., PhD доктор.

koskeeva@mail.ru

Астана қаласы, Қазақстан

XIX ғасырдың екінші жартысы қазақ халқының тарихында ғылым мен ағартушылық дамыған кезең болды. Бұл дәуірде қазақ қоғамының әлеуметтік, мәдени және тарихи өмірін зерттеуде Шоқан Шыңғысұлы Уәлихановтың орны ерекше. Енді осы дана тұлғаға тоқталсақ. Қазақтың ұлы ғалымы Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов - Құсмұрын бекінісінің ескі жұрты, қазіргі Қостанай облысында

дүниеге келген. Шын аты- Мұхамедханафия, әжесінің бала күнінде «Шоқаным» деп еркелетіп айтуымен, «Шоқан» аталып кеткен. Өз атасы Уәли де хан болған. Ал әкесі Шыңғыс Қазақстанда хандық жүйе жойылып, аға сұлтандықтың енгізілуіне байланысты, аға сұлтан лауазымын иеленген. Шоқанның туған жылы мен айын Ә.Марғұлан 1835 жылдың қарашасы [1, 67 б] - деп көрсетеді.

Оған тәрбие беруде әжесі Айғанымның ықпалы зор болған. Шоқан 12 жасына дейін Құсмұрындағы мектепте оқып, мұсылман діні ілімімен танысқан. Ол ауылдық жердегі бастауыш мектепте оқып жүріп-ақ араб, парсы, шағатай тілдерінің негізін үйреніп алады.

Шоқан 1847 жылы Омбы кадет корпусына оқуға түседі. Шоқан оқуға қабылдана салысымен өзінің білімге қабілеті мен бейімділігін танытады. Ол барлық пәндерді зор ынта қойып, құмарта оқыған. Шоқан кадет корпусында белгілі ғалым, географ, Азияны зерттеуші Г.Н. Потанинмен бірге оқып, достасып кетеді. Осында жүріп ол, шығыс тілдері саласындағы білімін елеулі түрде тереңдетіп түскен. 14-15 жасында-ақ кадет корпусының басшылары оған болашақтағы зерттеуші-шығыстанушы ретінде қарай бастады. Омбыда Шоқан география, шығыстану, философия, тарих жайындағы басылымдардан өте бай, жақсы кітапхана құрап алады [1, б. 68].

Кадет корпусын бітіргеннен кейін Шоқан Батыс Сібір генерал-губернаторының кеңесінде қалдырылады. 1855 жылы Шоқан генерал Гасфорттың сапарына қатысады. Ол 1855 жылы Ұлы жүзді Қоқан хандығының ықпалынан шығарып, Ресейге қосу бағытында жұмыс істеу үшін ұйымдастырылған экспедицияға қатысып, Семей, Аягөз, Қапал арқылы Іле Алатауына дейін келеді, бұл кезде Верный бекінісін салу ісі жүргізіліп жатты. Бұл сапары Уәлихановтың қазақ халқының тарихы мен әдет-ғұрпын терең зерттеуіне негіз салады. Шоқан статистика жөнінде қазақтардың заң дәстүрлері мен ертедегі діні жөнінде мәліметтер жинайды. Бұл еңбегін жоғары бағалаған генерал Г.Х.Гасфорт оны наградаға ұсынады, әскери лауазымы бір сатыға жоғарылап, 1856 жылы поручик атағын алады [1, 71 б].

1856 жылы Уәлихановтың ғылыми еңбегінің дамып, өркендей түсуіне кең өріс ашылады. Ол Хоментовский деген білімді офицердің басшылығымен ұйымдастырылған үлкен әскери-ғылыми экспедицияға қатысады. Экспедицияның мақсаты қырғыз халқымен танысу және Ыстықкөл алабын картаға түсіріп алу еді. «Бұл экспедицияға қатысуымыз үлкен абырой болды. Сөйтіп, Алатау қырғыздарының арасында екі ай жүріп, көбінесе солардың аңыздары мен тілін зерттеп, әрқилы пайдалы ақпарат жинап алдық», [1, 72 б] - деп жазады Уәлиханов. «Манас» жырын жазып алып, Іле өзенінің басындағы Манас жорық жасады деген жерлерді барып көреді. Сібір мен Тянь-Шань арасында көшіп жүрген қырғыздар Алатаудың автохтонды ежелгі тұрғындары екенін тарихта тұңғыш рет анықтап береді [1, 67 б].

Жетісу мен Тянь-Шаньда саяхатта жүріп, П.П.Семенов қазақ және қырғыз халықтарының тұрмысы мен этнографиясы жөніндегі сарқылмас білім бұлағы болған Шоқан Уәлихановпен достық және ғылыми байланысын бір де бір үзбеген. 1856-1857 жылдары ол Шоқан Уәлихановпен Жетісуда жиі кездесіп, өзінің ғылыми-зерттеу жұмыстарын сонымен бірге жүргізеді, 1856 жылдың күзінде екеуі Құлжаға барып қайтады [1, 459 б].

Хоментовскийдің экспедициясына қатыса отырып, Шоқан Уәлиханов өзінің саяхатын 1856 жылдың май айының екінші жартысында бастайды. Ол өзінің бұл сапарында Алакөлден Орталық Тянь-Шаньмен Ыстықкөлге дейін баруы керек еді. Тиісті мерзімнің бірінші жартысында ол Іле Алатауына барып, соның асуларымен Күнгеі Алатауға, одан кейін Теріскей Алатауға өтіп, Ыстықкөлдің солтүстік және шығыс жағалауларында болады, сонан соң Жырғалаң өзенінің алабымен жоғары көтеріліп, Орталық Тянь-Шань шыңына шығады да, Хан тәңірінің биік шыңын көзбен шолуға мүмкіндік алады. «Менің саяхатымды, - деп жазады Уәлиханов, - жүрген жерлерімнің сипатына қарай екі кезеңге бөлуге болады. Бірінші кезең менің Жоңғарияға, яғни, Жетісу мен Іле өлкесіне және Ыстықкөлге дейінгі сапарымды қамтиды. Мен Жоңғарияға бірінші рет 1856 жылы болдым, онда полковник Хоментовский бастаған алғашқы Ыстықкөл экспедициясына қатыстым. Сонан соң Құлжада үш ай тұрдым. Жоңғарияда бас аяғы бес ай болып, бұл өлкенің Алакөлден Тянь-Шаньға дейінгі аймағын түгел көріп шықтым» [2, 33 б]. Бұл сапарында Шоқан Жетісу мен Ыстықкөлдің флорасы мен фаунасын зерттейді. Ориентологиялық және этномологиялық коллекция жинап, гербарий коллекциясын жасайды.

Шоқан Уәлихановке Жетісу мен Тянь-Шаньда кездескен орта заманғы мәдениеттің өте сирек ескерткіштері үлкен әсер етеді. Ол әсіресе Ыстықкөлдегі ерте заманғы қала мәдениетінің, суландыру жүйелерінің қалдықтарына, сәулет өнерінің ескерткіштеріне, эпиграфикаға және тастан ойылған бейнелерге ерекше зейін салады. Бұл ескерткіштердің бәрін тұтас алып терең зерттеуі, Уәлихановтың

Ыстықкөл алабы мен бүкіл Жетісу атырабын мекендеген халықтардың өткен замандардағы өмірінің бейнесін қалпына келтіру ісімен шұғылдануына мүмкіндік береді [2, 34 б].

Уәлиханов өзінің бұл сапарында орыс Жоңғариясының барлық жерлерінен де отырықшылықтың белгілерін тауып, халық арасында тарап жүрген осы отырықшылық жайындағы аңыздарды жинап алады. Шоқанның өзі: «және ертедегі Алмалықтың орнынан табылған бірнеше алтын бұйымдар мен алтын ақшалар да менің қолыма түсті» [2, 38 б] деп жазған.

1857 жылы февраль айының 27 күні Шоқан Уәлихановты Орыстың географиялық қоғамының толық мүшелігіне қабылдайды.

1858-1859 жылдары Шоқан атақты Қашқария сапарына барып қайтты. Шоқанның Қашқарияға сапары ғалымдық, ағартушылық саласындағы еңбегінің жаңа белеске көтерілуіне жол ашты. Қоқан хандығының Қашқардағы консулы әрі саяси резидентінің көмегімен Қашқардың экономикалық-саяси құрылымын зерттеп, бұл халықтың тарихы мен этнографиясынан көптеген мәліметтер жинайды. Қашқар сапарынан «Алты шаһардың, яғни Қытайдың Нан-Лу провинциясының шығыстағы алты қаласының жайы» атты еңбегі дүниеге келеді. Бұл-Шығыс Түркістан халықтарының тарихына, әлеуметтік құрылысына арналып сол заман ғылымының биік деңгейінде жазылған әлемдегі тұңғыш зерттеу жұмысы еді. Ұзамай ол Германияда, Англияда жарияланды. Патша үкіметі жас ғалымның ғылыми ерлік еңбегін жоғары бағалады. 1860 жылы Санкт-Петербургте ол орденмен марапатталып, әскери шені де жоғарылатады. Оны орыс патшасы II Александрдің өзі қабылдады [1, 44 б].

Шоқан Уәлиханов Қазақстан мен Орта Азия халықтарының тарихы мен мәдениетін зерттеуге орасан зор үлес қосты. Аса көрнекті қазақ ғалымы өте ауқымды ғылыми-шығармашылық мұра қалдырды. Оның «Абылай», «Қырғыздар туралы жазбалары», «Ыстықкөл күнделіктері», «Үлкен орда қырғыз-қайсақтары» т.б еңбектері өте құнды саналады. Шоқанның қазақтардың сондай-ақ Орта Азия халықтарының өмірінен салған 150-ден астам суреттері сақталған.

Петербургте болған кезінде (1859-1860 жж.) Шоқан Уәлиханов әр түрлі әскери және ғылыми мекемелерде жұмыс істеді. Ол ресейлік шығыстанушылар мен дипломаттардың, жазушылар мен ақындарды сыйнатын нағыз піріне айналды. Шоқан Қазақстан мен Шығыс Түркістанның карталарын жасаумен айналысып, қажымай-талмай еңбек етті. Шығыс елдерінің қолжазбаларын мұқият зерттеуді де жалғастырды. Оны Орыс географиялық қоғамы Шығыс тарихы туралы лекциялар оқуға шақырып тұрды.

Алайда Петербургтің ылғалды ауа райы оның денсаулығына жақпады. Денсаулығының нашарлауына байланысты Отанына оралуға мәжбүр болды. Ол Омбыға барып, даладағы жергілікті басқару ісін қайта ұйымдастыру жөніндегі шараларға қатысты. Оның негізгі ойлары «Қырдағы мұсылманшылық туралы», «Қырғыздардың көш-қоны туралы», «Сот реформасы туралы жазбаларда» баяндалады.

Оның ғұмырының соңғы жылы Тезек сұлтанның ауылында өтті. Ол мұнда да Ұлы жүз қазақтарының өмірінен тарихи-этнографиялық материалдар жинаумен шұғылданды. Аса көрнекті қазақ ғалымы әрі ағартушысы Шоқан Уәлиханов 1865 жылы 10 сәуірде ұзаққа созылған аурудан қайтыс болды. Оның қабірінің басына ескерткіш пен құлпытас орнатылды. Ескерткішті саяси жер аударылып келген поляк революционері Лепольд Ластовский жергілікті мәрмәр тастан қашап тастады. Шығыстанушы ғалым И.Н. Веселовский: «Шоқан Уәлиханов шығыстану ғылымында аққан жұлдыздай жарқ етті де жоқ болды» [2, 239 б], - деп жазды.

Шоқанның мандайына «жарқ етіп сөнген құйрықты жұлдыздай» қысқа ғана ғұмыр сүру жазылды. Бірақ ол сол аз ғана ғұмырында адам қабілетінің ғажайып мүмкіндіктерін, гуманизмнің биік өресін, ұлтжандылықтың жалтақсыз үлгісін, ғылыми қабілет пен алғырлықтың қайран қаларлық өнегесін барша болмысымен, нақтылы іс-әрекетімен дәлелдеп үлгерді.

Шоқан Уәлихановтың экспедициялары XIX ғасырдағы қазақ қоғамы мен Орталық Азия халықтарының өмірін жан-жақты сипаттаған бірегей ғылыми мұра болып саналады. Оның еңбектері тек қана тарихи дерек көзі емес, халықтардың мәдениетін түсінуге жол ашқан рухани қазына. Сондықтан Шоқанды қазақ ғылымының алғашқы іргетасын қалаған ғалымдардың бірі деп толық айтуға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Шоқан Уәлиханов және XXI ғасырдағы гуманитарлық ғылым. - Алматы: Тарих тағылымы, 2010. - 560 б.
2. Таңдамалы [Мәтін] / Ш. Ш. Уәлиханов ; орысшадан ауд. Ә. Ипмағамбетов. - Алматы : Жазушы, 1980. - 412 б.